

Астана қаласының аймақтық инвестициялық бағдарламасы және жергілікті атқарушы органының қарыз алуы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 8 маусым N 780

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Z990357_ Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 шілдедегі N 1082 P001082_ қаулысымен бекітілген Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы есебінен қаржыландырылатын аймақтық инвестициялық бағдарламаларды Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісу рәсімі жөніндегі ережеге сәйкес, сондай-ақ Астана қаласын сумен жабдықтаудың орталықтандырылған жүйесін жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жергілікті атқарушы органның қарыз алуы есебінен қаржыландырылатын " Вячеслав су қоймасынан Астана қаласына дейін суағызғының үшінші желісін салу" жобасын іске асыруды көздейтін Астана қаласының 2001 жылға арналған аймақтық инвестициялық бағдарламасымен (бұдан әрі - Аймақтық инвестициялық бағдарлама) к е л і с і л с і н .

2. Астана қаласы әкімінің Аймақтық инвестициялық бағдарламаны іске асыруға " 2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Z000131_ Заңымен бекітілген жергілікті атқарушы органы борышының лимиті шегінде 1 916 200 000 (бір миллиард тоғыз жүз он алты

миллион екі жүз мың) теңге көлемінде заңнамада белгіленген тәртіппен қарыз алуы туралы ұсынысы қабылдансын.

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.18. N 1335 қаулысымен.

P011335_

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК